




«ҮЛБІ МЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ ЗАУЫТЫ»

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ





СЕРГЕЙ БЕЖЕЦКИЙ

«ҮМЗ» АҚ Басқарма
Төрағасы

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті серіктестер!

«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы жоғары сапалы уран, бериллий, тантал және ниобий өнімдерін ұсынады және әрдайым ынтымақтастыққа шақырады.

Біздің кәсіпорында бірегей инженерлік шешімдерді іске асыруға ресурстар және өндірістік қуаттар бар. Біз стандартты тапсырыстарды орындаймыз, сонымен қатар тұтынушылардың жеке талаптары бойынша жұмыс жасаймыз.

Зауыттың атом, авиация, зымыран және ғарыш өнеркәсібінде, сондай-ақ электроника, медицина, аспап жасау, ғылым және басқа да көптеген жетекші салаларда қолданылатын әлемдік деңгейдегі жоғары технологиялық өнімді өндіру мен жеткізу саласында 70 жылдан астам тәжірибесі бар.

«ҮМЗ» АҚ бүгінгі күнде үлкен потенциалға ие компания. Зауыттың ұраны – «Болашаққа бізбен бірге!» - біздің тұтынушыларымыздың ең батыл және маңызды жобаларын іске асыруға дайын екендігіміздің айқын дәлелі.

КӘСІПОРЫН ТУРАЛЫ



«Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ - атом энергетикасы, тантал, ниобий, бериллий және олардың қорытпалары үшін отын таблеткаларын өндіретін ірі кәсіпорын.

Кәсіпорын өнімдері атом, авиация, зымыран және ғарыш техникасында, электроника, медицина, аспап жасау, ғылым және халық шаруашылығының көптеген басқа да салаларында қолданылады. «ULBA» маркалы тауарлар АҚШ-қа, Еуропа елдеріне, Жапонияға, Қытайға, Оңтүстік-Шығыс Азия, Еуразиялық одақ елдеріне жеткізіледі.

1997 жылдан бастап кәсіпорын Қазақстан Республикасының атом өнеркәсібіндегі мүдделерін білдіретін «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясының құрамына кіреді.

Қазіргі уақытта «ҮМЗ» АҚ ISO 9001:2008, ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 стандарттарының талаптарына менеджмент жүйесінің сәйкестік сертификатына ие, олар келесі салаларда қызметтерді жүзеге асыру кезінде қолданылады:

- бериллий, оның қосындылары мен олардан жасалған бұйымдар өндірісі;
- тантал, ниобий, олардың қосындылары мен олардан жасалған бұйымдар өндірісі;
- уран қосылыстары мен олардан жасалған бұйымдар өндірісі.

КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



МИССИЯСЫ

Әлемдік атом энергетикасын, электрондық, металлургиялық және өнеркәсіптің басқа да салаларын жоғары технологиялық өніммен қамтамасыз ету.



ПАЙЫМДАУ

Әлемдік атом энергетикасында маңызды әріптес болу және тұтынушылардың, персоналдың, акционерлердің және қоғамның ұзақ мерзімді мақсаттарына бағдарлана отырып, жоғары сапалы бериллий, тантал және ниобий өнімдерін жеткізуге қол жеткізілген позицияларды нығайту.



«ҮМЗ» АҚ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛҒА ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІНЕ/АКЦИЯЛАРҒА ИЕЛІК ЕТЕДІ:



«Үлбі-ЖБҚ» ЖШС



«Ulba-China Co., Ltd.»



«Машзавод» ЖШС



«Волковгеология» АҚ

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ



Уран өндіру бойынша **әлемдік көшбасшы**



Уран сату көлемі бойынша **әлемде 1-ші орын**



20 000-нан астам қызметкер

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ уран, сирек металдар, АЭС үшін ядролық отын экспорты мен импорты бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық операторы мәртебесіне ие. Бұл компанияға әлемдегі ең ірі ресурстық базалардың біріне басымдық береді.



KAZATOMPROM
NATIONAL ATOMIC COMPANY

КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



МИССИЯСЫ

Тұрақты даму қағидаттарына сәйкес Компанияның барлық мүдделі тараптары үшін ұзақ мерзімді құндылық жасай отырып, уран кен орындарын игеру және қосылған құн тізбегінің компоненттерін дамыту.



ПАЙЫМДАУ

Жаһандық атом өнеркәсібі үшін Сенімді серіктес болу.

КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ӨНІМДЕРІ:

- Геологиялық барлау жұмыстары;
- Табиғи уран өндіру;
- Уран өнімдерін өндіру: табиғи уран концентраты, ядролық керамикалық сұрыпты уран диоксидінің ұнтақтары, отын таблеткалары.


«ҮЛБІ МЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ ЗАУЫТЫ» АҚ КОРПОРАТИВТІК ҚҰРЫЛЫМЫ



Уран
өндірісі



Бериллий
өндірісі



Тантал
өндірісі



Тау-кен байыту
кешені



Ғылыми
орталық




Үлбі
жобалау-конструкторлық
институты



Сынау
орталығы

ӨНІМДІ ТҰТЫНУШЫЛАР / ДИСТРИБЬЮТЕРЛЕР

«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының серіктес елдері:



Қытай және Оңтүстік-Шығыс Азия нарығында «ҮМЗ» АҚ өнімін дистрибьютеуледі «ҮМЗ» АҚ еншілес кәсіпорны жүзеге асырады.



УРАН ӨНДІРІСІ

1954 жылдан бастап Үлбі металлургиялық зауыты атом саласында пайдалануға құрамында уран бар материалдарды қайта өңдеуді жүргізеді. Бүгінгі таңда өнімдер бүкіл әлемдегі атом электр станцияларының энергетикалық реакторларына отын компоненттері ретінде қолданылады.

ҚЫЗМЕТТЕР:

- > Табиғи уранның химиялық концентратын өңдеу;
- > Құрамында уран бар дәстүрлі төмен байытылған шикізатты (уран гексафториді, уран оксидтері) қайта өңдеу;
- > Регенерацияланған төмен байытылған уран шикізатын өңдеу;
- > Өңделуі қиын құрамында уран бар, оның ішінде құрамында жанып кететін нейтрон жұтқыштары (эрбий, гадолиний) бар материалдарды қайта өңдеу;
- > Жоғары байытылған уранды төмен байытылған уранға дейін сұйылту.

ӨНІМ ТҮРЛЕРІ:

- > Қазақстандық кен орындарының уран концентраттарынан **ТАБИҒИ УРАН ОКСИДТЕРІ** (оның ішінде тікелей фторлауға жарамды ядролық тазалық);
- > Ядролық тазалықтағы керамикалық сұрыпты төмен байытылған **УРАН ДИОКСИДІНІҢ ҰНТАҚТАРЫ**;
- > Француз дизайндағы PWR типті реакторлардың AFA 3G жанармай жинақтарына арналған **ОТЫН ТАБЛЕТКАЛАРЫ**.



БЕРИЛЛИЙ ӨНДІРІСІ

«ҮМЗ» АҚ құрамында бериллий бар өнімдерді өндіру бойынша әлемдегі жетекші кәсіпорындардың бірі болып табылады.

Кәсіпорында бериллий өндірудің технологиялық схемасы кенді концентратты қайта өңдеуден бастап белгіленген сапа параметрлері бар дайын өнімді шығаруға дейінгі барлық қайта бөлуді қамтиды. «ҮМЗ» АҚ-да өндірілген бериллий лигатуралары сапасы бойынша әлемдік аналогтардан асып түседі. Кәсіпорын зерттеу реакторлары мен нейтрондар көздеріне арналған бериллий шағылыстырғыштары мен басқа да бұйымдарды дайындайды.



ӨНІМ ТҮРЛЕРІ:

✉ Marketing-be@ulba.kz

Өнім түрі	Тазалығы	Сипаттамасы
Техникалық металл Бериллий	Б-1А, Б-1Б - 99,5 % кем емес Б-2А, Б-2Б - 99,0 % кем емес	- салмағы 30 кг-ға дейінгі құймалар (биіктігі 380-ден 480 мм-ге дейін кесілген конус түрінде), негіздердің өлшемдері: кішірек - 190-нан 210 мм-ге дейін, үлкені - 220-дан 250 мм-ге дейін); - кесінділер.
Техникалық күйежентектелген Бериллий (металл-керамикалық, конструкциялық)	97,8% кем емес	ТГП, ТГПР - вакуумда ыстықтай басылған, (Ø450×500) мм; ТВ, ТВР - ыстықтай престелген дайындамалардан сығымдалған, (Ø185×1500) мм; ТШГ, ТШГР - ыстықтай престелген дайындамалардан қалыпталған, (Ø710×215) мм; ТШХ, ТШХР - суықтай изостатикалық престелген дайындамалардан қалыпталған (Ø530×400) мм; ТШП, ТШПР - ұнтақтан қалыпталған, (Ø960×130) мм; ТИП, ТИПР - изостатикалық сығымдалған, (Ø260×440) мм. Марканың белгілеуіндегі «Р» - реакторлық мақсаттағы.
Алюминий бериллийлі лигатура	2,5-6,0%	- салмағы 2,5 кг дейінгі құймалар; - салмағы 550 Г дейінгі бөліктер; - 20 мм-ге дейінгі түйіршіктер.
Никель бериллийлі лигатура	5,5-15,5%	- салмағы 20 кг дейінгі құймалар; - 100 мм-ге дейінгі бөліктер.
Мыс бериллийлі лигатура	2,0-10,5%	- массасы (маркасына байланысты) 2,5-тен 17 кг-ға дейін құймалар; - салмағы 60-тан 120 г-ға дейінгі бөліктер;
Бериллийлі қола	0,2-2,85%	- диаметрі 100-ден 300 мм-ге дейінгі құймалар; - диаметрі 20-дан 145 мм-ге дейін престелген БрБ2 шыбықтары; - түйіршіктер (қорытпа 275С); - тапсырыс берушілердің сызбалары бойынша бұйымдар.



ТАНТАЛ ӨНДІРІСІ

«Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ-ның Тантал өндірісі құрамында шикізаты бар тантал-ниобийді қайта өңдеуден бастап дайын өнімге дейін толық өндірістік циклі бар әлемдегі ең ірі кәсіпорынның бірі.



Өндірісте қолданылатын технология тазалығы кемінде 99,97% тантал алуға кепілдік береді.

Тантал өндірісі белгіленген сапа параметрлері бар өнімді өндіруді қамтамасыз ететін кез-келген тантал/ниобийлі соның ішінде қиын аршылатын шикізатты өңдеудің икемді технологиясымен ерекшеленеді.

ТАНТАЛ МЕН НИОБИЙДІ ТӨМЕНДЕГІ ӨНІМДЕРДІ ЖАСАУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАДЫ:

- > 6N дейін біліктілікпен тозаңдату нысаналары;
- > Электролиттік конденсаторлар;
- > Ыстыққа төзімді және коррозияға төзімді қорытпалар;
- > Химиялық өндіріске арналған коррозияға төзімді аппаратуралар;
- > Ядролық-энергетикалық жүйелерге арналған жылу алмастырғыштар;
- > Авиағарыш техникасында қолданылатын тантал бериллиді;
- > Қатты қорытпалар өндірісінде қолданылатын тантал карбиді;
- > Атом техникасында гамма-сәулеленуді сіңіретін әйнекті пісіру үшін қолданылатын тантал пентоксиді;
- > Аса өткізгіш қорытпалар;
- > Берілген механикалық қасиеттері мен микроқұрылымы бар дөңгелек және жалпақ илемдеу;
- > Қатты фазалы ядролық реактивтік қозғалтқыштардың ТВЭЛдері үшін маңызды конструкциялық материал болып табылатын цирконий карбиді және уран-235 карбидімен қорытпадағы ниобий карбиді.

ТАНТАЛ ӨНДІРІСІ

ТАНТАЛ ӨНІМІ:

Marketing_ta@ulba.kz

Құйма	Тазалығы	Сипаттамасы	Спецификациясы
Стандартты сұрып (екі еселік (ЭЛП-2) және үш еселік (ЭЛП-3) электронды-саулелі қайта балқыту)	99,92% 99,97%	Диаметрі 115, 150, 200 және 225 мм Ұзындығы 300-ден 2000 мм дейін	СТ АО-02-2017 немесе тапсырыс берушінің спецификациясы бойынша
Жоғары сұрып (үш еселік (ЭЛП-3) электронды-саулелі және вакуумды-доғалы (VAR) қайта балқыту)	99,99% 99,995%	Диаметрі 150, 200 және 225 мм	Құрамында баяу балқытын және газ қоспалары төмен* Тапсырыс берушінің спецификациясы бойынша
Ұнтақ	Сипаттамасы	Спецификациясы	
Стандартты конденсаторлық сұрып 1-4 кластар 5 класты	Меншікті сыйымдылығы 7-ден 22 мкФ/г дейін Меншікті заряд 4000-нан 5600 мкКл/г дейін	СТ АО-31-2020	
Жоғары вольтты конденсаторлық сұрып	Меншікті заряд 600-ден 2200 дейін мкКл/г	СТ АО-31-2020	
Агломерацияланған конденсаторлық сұрып	Меншікті заряд 1900-ден 8000 мкКл/г дейін	СТ АО-45-2020	
Сым	Материал	Сипаттамасы	Спецификациясы
Кондесаторлық сұрып	ЭЛП-2 VAR	Диаметрі 0,15-тен 3,0 мм дейін	СТ АО-30-2020 немесе тапсырыс берушінің спецификациясы бойынша *
Медициналық сұрып	ЭЛП-2 ЭЛП-3	Диаметрі 0,5-тен 3,0 мм дейін	ASTM F 560-17 немесе тапсырыс берушінің спецификациясы бойынша
Плоский прокат	Материал	Сипаттамасы	Спецификациясы
Фольга	ЭЛП-2 ЭЛП-3 VAR»	Қалыңдығы 0,01-ден 0,2 мм дейін Ені 30-дан 200 мм дейін Ұзындығы 300 мм кем емес	СТ АО-22-2019 немес тапсырыс берушінің спецификациясы бойынша*
Жайма	ЭЛП-2 ЭЛП-3 VAR	Қалыңдығы 0,2-ден 10,0 мм дейін Ені 30-дан 400 мм дейін Ұзындығы 300-ден 1500 мм дейін	СТ АО-22-2019 немес тапсырыс берушінің спецификациясы бойынша*
Таспа (күрделі кермелеу үшін)	ЭЛП-2 VAR	Қалыңдығы 0,2-ден 0,5 мм дейін Ені 12,7-ден 230 мм дейін Ұзындығы 500 мм кем емес	СТ АО-23-2019 немес тапсырыс берушінің спецификациясы бойынша*
Бұйымдар (түптібан, қақпақтар, құбыр дайындамалары, ыстыққа төзімді элементтер, тиглдер, дискілер, пластиналар және т. б.)	ЭЛП-2 ЭЛП-3 VAR	Тапсырыс берушінің спецификациясы және / немесе сызбалары бойынша*	

Шыбықша	Материал	Сипаттамасы	Спецификациясы
Созылған сұрып	ЭЛП-2 ЭЛП-3 VAR»	Диаметрі 3,0-тен 8,0 мм дейін	СТ АО-30-2020 немесе тапсырыс берушінің спецификациясы*
Нүктелі сұрып	ЭЛП-2 ЭЛП-3 VAR	Диаметрі 8,0-ден 90,0 мм дейін	СТ АО-30-2020 немес тапсырыс берушінің спецификациясы бойынша*
Легірленген қоспалар	Тазалығы	Сипаттамасы	Спецификациясы
Стандартты сұрып	99,9%	Тапсырыс берушінің талаптары бойынша кез келген геометриялық өлшемдер	Тапсырыс берушінің спецификациясы бойынша
Тазалығы жоғары сұрып	99,95%	Тапсырыс берушінің талаптары бойынша кез келген геометриялық өлшемдер	Құрамында газ қоспалары төмендетілген Тапсырыс берушінің спецификациясы бойынша

НИОБИЙ ӨНІМІ:

Құйма	Тазалығы	Сипаттамасы	Спецификациясы
Стандартты сұрып (екі еселік (ЭЛП-2) және үш еселік (ЭЛП-3) электронды-саулелі қайта балқыту)	99,8% 99,9%	"Диаметрі 115, 150, 200 және 225 мм Ұзындығы 300-ден 2000 мм дейін"	ГОСТ 16099-80 немесе тапсырыс берушінің спецификациясы бойынша
Тазалығы жоғары (реакторлық) сұрып (төрт еселік (ЭЛП-4) электронды-саулелі қайта балқыту)	99,83%	Диаметрі 150, 200 және 225 мм	Тапсырыс берушінің спецификациясы бойынша
Легірленген қоспалар	Тазалығы	Сипаттамасы	Спецификациясы
Стандартты сұрып	99,8%	Тапсырыс берушінің талаптары бойынша кез келген геометриялық өлшемдер	СТ АО-44-2018 немесе тапсырыс берушінің спецификациясы бойынша
Тазалығы жоғары сұрып	99,9%	Құрамында газ қоспалары төмендетілген Тапсырыс берушінің спецификациясы бойынша	
Прокат өнімдері	Материал	Сипаттамасы	Спецификациясы
Фольга, жайма, пластина	ЭЛП-2 ЭЛП-3 VAR	Қалыңдығы 0,01-ден 75 мм дейін	СТ АО-41-2019 немесе тапсырыс берушінің спецификациясы бойынша *
Шыбықша, сым	ЭЛП-2 ЭЛП-3 VAR	Диаметрі 0,15-ден 90 мм дейін	СТ АО-43-2020 немесе тапсырыс берушінің спецификациясы бойынша *
Бұйымдар (түптібан, қақпақтар, құбыр дайындамалары, ыстыққа төзімді элементтер, тиглдер, дискілер, пластиналар және т. б.)	ЭЛП-2 ЭЛП-3 VAR	Тапсырыс берушінің спецификациясы және / немесе сызбалары бойынша*	
Құрамында фтор бар өнім:	Концентрациясы	Спецификациясы	
Фторсутекті қышқыл (плавикті)			
А, Д, Е маркалы	35,5%	СТРК 2503-2014	
В, Г, Ж маркалы	40,0%	СТРК 2503-2014	

* тұрақтандырылған ұсақ өнімдерді шығаруға болады



ЖЫЛУ БӨЛУ ҚҰРАМАЛАРЫН ӨНДІРУ



«Үлбі-ЖБҚ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2015 жылы құрылған «ҮМЗ» АҚ және China General Nuclear Power Corporation – Uranium Resources Company (CGNPC-URC) бірлескен кәсіпорны болып табылады.

Зауытты құрудың мақсаты CGN қытай корпорациясының АЭС реакторлары үшін AFA3G™ А және АА дизайнды жылу бөлу құрамаларын (ЖБҚ) өндіру, сондай-ақ Қазақстанда атом энергетикасының болашақ қажеттіліктерін қамтамасыз ету болып табылады.

Өндірістік желі атом энергетикасы саласындағы әлемдік көшбасшы Framatome компаниясының ЖБҚ фабрикациялау технологиясын әзірлеушінің дизайнына негізделген, бұл ретте негізгі технологиялық жабдықты Framatome компаниясының кәсіпорындары, сондай-ақ ҚХР атом саласына арналған жабдықтардың жетекші өндірушілері жасап шығарды және жеткізді.

Framatome компаниясының еуропалық зауыттарынан урангадолийлі отын таблеткалары бар компоненттер мен жылу бөлу құрамаларын жеткізу ұйымдастырылды. UO_2 отын таблеткалары «ҮМЗ» АҚ-дан жеткізіледі, олардың өндірісі 10 жылдан астам уақыт бұрын құрылған және отын сатып алушылардың және таблеткалар дизайнын әзірлеушінің талаптары сәйкестігіне сертификатталған.



МАШИНА ЖАСАУ ЗАУЫТЫ



«МАШЗАВОД» ЖШС 1996 жылы «ҰМЗ» АҚ бірнеше бөлімшелерінің базасында құрылған және оның еншілес компаниясы болып табылады.



Зауыттың технологиялық мүмкіндіктері әртүрлі салалы кәсіпорындар үшін өнімнің 5000-нан астам атауын шығаруға, оның ішінде өнеркәсіптің тау-кен өндіру және қайта өңдеу салалары үшін күрделі технологиялық жабдықты, оны монтаждау мен іске қосу-жөндеуді қоса алғанда, шығаруға мүмкіндік береді.

«МАШЗАВОД» ЖШС қазіргі уақытта СТ РК ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) стандарттарының талаптарына сәйкес «Сапа менеджмент жүйесі.Талаптар» сәйкестілік сертификатына ие.

Сондай-ақ, «МАШЗАВОД» ЖШС-нің мынадай лицензиялары бар:

- I санаттағы құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия
- 22.09.2015 ж. № 15017103);
- I класты ядролық қондырғыларды физикалық қорғау лицензиясы (10.08.2016ж. №16012780);
- Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға арналған лицензия (29.09.2016ж. № 16015108).

«МАШЗАВОД» ЖШС ӘРТҮРЛІ ӨНЕРКӘСІПТІК ЖАБДЫҚТАРДЫ, ЖИЫНТЫҚТАУЫШТАР МЕН БҰЙЫМДАРДЫ ӘЗІРЛЕУШІ ЖӘНЕ ӨНДІРУШІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, МІНЕ ОЛАДЫҢ КЕЙБІРЕУЛЕРІ:

> **КЕЗ КЕЛГЕН КҮРДЕЛІЛІКТЕГІ МЕТАЛЛ КОНСТРУКЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ МОНТАЖДАУ.**

> **СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ЖАБДЫҚТАР:**

- Тот баспайтын болаттан және полимерлік материалдардан жасалған колонна түріндегі сыйымдылық жабдығы;
- Тот баспайтын болаттан және полимер материалдардан жасалған көлемі 1000 м3 дейінгі өнеркәсіптік сыйымдылық жабдығы;
- Өнеркәсіптік пештер, оның ішінде ПОВР (уранның шала тотығы-тотығын (U3O8) ала отырып, бастапқы өнімді кептіруге және қыздыруға арналған); агрессивті ортада қолдануға арналған.

> **ӘРТҮРЛІ РЕЗЕҢКЕ-ТЕХНИКАЛЫҚ БҰЙЫМДАР.**

> **СОҒҒЫ ЖАБДЫҚТАРЫ:**

- Тік жартылай су асты;
- Консольді көлденең.

> **ТАСЫМАЛДАУ-БУЫП ТҮЮ КОНТЕЙНЕРЛЕРІ:**


- Уранның табиғи концентратын сақтауға және тасымалдауға арналған ТУК 44/8;
- Уранның химиялық концентратын сақтау және тасымалдауға арналған ТУК-118.

> **ПОЛИМЕРЛІК МАТЕРИАЛДАРДАН ЖАСАЛҒАН ӨНІМДЕР:**

- Бекіту арматурасы (шарлы, диафрагмалық);
- Қорғаныш құрылғылары (қаптамалар Ø 25-600 мм);
- басқа бұйымдар мен қосалқы бөлшектер.



ТАУ-КЕН БАЙЫТУ КЕШЕНІ



«ҮМЗ» АҚ құрамына ТКК кіреді:
2006 жылы пайдалануға берілген
кеніш және байыту фабрикасы.

ӨНІМ ТҮРЛЕРІ:

- > **ФФ-95А МАРКАЛЫ БАЛҚЫТҚЫШ ШПАТТЫ КОНЦЕНТРАТ**
(МЕМСТ 29219-91 «Балқытқыш шпатты қышқыл және қыш
концентраттары»).

Электролиттік алюминий, балқытқыш қышқылы,
сусыз фторлы сутегі, арнайы оптикалық ыстыққа
төзімді шыны құбырлар, шынышариктер, шыны
талшықтар және жоғары сапалы силикатты
эмальдар өндірісінде қолданылады.

- > **КВАРЦ-ФЛЮОРИТТИ КЕН**
(CaF₂ 10-20%).

Цемент өндірісінде қолданылады.

«ҮМЗ» АҚ балқытқыш шпат
концентратын жеткізу
бойынша Қазақстан, Ресей
кәсіпорындарымен
белсенді ынтымақтасады,
алыс шетелдік
кәсіпорындар ТКК өнім-
деріне деген қызығушылық
танытуда.





«ҮМЗ» ғылыми орталығы (ҒО) 1952 жылы құрылған ҚР Ғылым және білім министрлігі Ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы субъект ретінде аккредиттеген.

«ҮМЗ» АҚ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

ҒО құрамына уран, бериллий, тантал, инновациялық зерттеулер мен әзірлемелер зертханалары кіреді. Қазіргі уақытта ҒО уран, тантал, ниобий және бериллийді өндіру және қайта өңдеу, СМ және СЖМ, қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми және ғылыми-техникалық қызметпен айналысады. Әлемдік қоғамдастық серіктестерінің кең ауқымымен ынтымақтасады.

ӨНІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР

- > Негізгі өндіріс технологияларын ғылыми-технологиялық сүйемелдеу;
- > Ғылыми-техникалық дамудың әртүрлі салаларында жобаларды әзірлеу және жаңа технологияларды енгізу;
- > Минералды және техногендік шикізаттан «ҮМЗ» АҚ, СМ және СЖМ үшін дәстүрлі металдар негізінде жоғары технологиялық өнімдердің жаңа ғылымды қажетсінетін өндірістерінің, сондай-ақ Қазақстанның минералдық-шикізат базасының ресурстарын ұтымды пайдаланудың технологияларын әзірлеу және бизнес-негіздемелерін жасау;
- > Тұтынушы талаптарына сәйкес тәжірибелік және стандартты емес өнімдерді шығару.



ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту «ҮМЗ» АҚ экология саласындағы саясатының маңызды мәселесі болып табылады. Саясат атмосфераға зиянды заттардың шығарындылары мен өндірістік қалдықтардың көлемін төмендетуге мүмкіндік беретін заманауи технологияларды енгізу есебінен іске асырылады.



Өскемен қаласы кәсіпорындарының жалпы шығарындылары



Жұмыскерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығы – «ҮМЗ» АҚ-дағы бірінші кезектегі басымдылық.

Vision ZERO тұжырымдамасы аясында басты мақсатқа жету үшін нөлдік жарақаттанушылыққа ұмтылуға тұрақты негізде жұмыс жүргізілуде. Өндірістік қауіпсіздік саласындағы «Үздік әлемдік практикаларды» зерделеу, талдау және енгізу жүйелі түрде жүргізіледі, келесілер сияқты: қауіпті өндірістік факторларды анықтау, тіркеу және жою жүйесі (Near Miss), қауіпті энергия көздерін бұғаттау жүйесі (LockOut/TagOut), мінез-құлықтық қауіпсіздік аудиттері, «STOP-KAPTA» жұмысын тоқтату рәсімі.



ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі - қоғамның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларын дамытуға жәрдемдесу, мемлекеттік басқару органдардың, қоғамдық ұйымдардың және қала құраушы өнеркәсіптік кәсіпорындардың күш-жігерін біріктіру арқылы өңірдің әлеуметтік проблемаларын шешу.

«ҮМЗ» АҚ өндірісті дамыту есебінен жаңа жұмыс орындарын сақтап қалуға және құруға ұмтылады, корпоративтік қатынастар мен корпоративтік мәдениетті жетілдіреді. Осының бәрі қолайлы ішкі және сыртқы әлеуметтік-психологиялық ортаны құруға ықпал етеді, жұмысшыларға зауытқа, салаға деген адалдық сезімін тәрбиелейді, корпоративтік нормалар мен құндылықтарды қалыптастырады және енгізеді.





Болашаққа бізбен бірге!

Мекенжай:
Қазақстан Республикасы
Өскемен қаласы,
Абай даңғылы, 102

Телефон: +7 (7232) 29-81-03
Факс: +7 (7232) 24-06-83
+7 (7232) 29-82-73
E-mail: mail@ulba.kz